

2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы негізгі келісімге Хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 қыркүйектегі N 930 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы негізгі келісімге Хаттаманың жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі Владимир Сергеевич Школьникке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан 2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы негізгі келісімге Хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы негізгі келісімге хаттама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Тараптар" деп аталады),

2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы негізгі келісімді (бұдан әрі "Негізгі келісім" деп аталады) негізге ала отырып ,

Атасу-Алашанькоу мұнай құбырын салу жөніндегі жоспарларды уақытылы және табысты іске асыру мақсатында

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Негізгі келісімге мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 4-бап мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Атасу-Алашанькоу мұнай құбыры мұнай тасымалдаудың халықаралық жүйесі
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Атасу-Алашанькоу мұнай құбырының техникалық біртектілігін және оны тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жобалауға, жобаны басқаруға, салуға, пайдалануға арналған келісім-шарттарды (шарттарды, келісімдерді) жасасқан кезде Тараптар мұнай және газ өнеркәсібінде халықаралық танылған болып табылатын жалпы танылған техникалық ерекшеліктерді қолдануға келіседі.";

2) 5-бап мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Атасу-Алашанькоу мұнай құбырын жобалау, салу, пайдалану қызметінің негізгі нысаны болып табылатын 2004 жылғы 17 мамырдағы "Қазақстан-Қытай Құбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы мен Қытай Ұлттық Мұнай-газ Корпорациясы арасындағы Атасу-Алашанькоу мұнай құбырын салудың негізгі принциптері туралы келісімге сәйкес құрылған ұйым
б о л ы п т а б ы л а д ы .

"Қазақстан-Қытай Құбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін тізбеге сәйкес сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардан, жұмыстардан, көрсетілетін қызметтерден басқа Атасу-Алашанькоу мұнай құбырын іске қосқанға дейін осы бапта аталған қызметтің негізгі нысанасы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

(РҚАО-ның ескертуі. Z020321 ; V022041 ; P040284 қараңыз).

2-бап

Осы Хаттама оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Негізгі келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Хаттама 2004 жылдың "___" _____ Астана қаласында әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндерінің күші бірдей.

Осы хаттаманың ережелерін түсіндіру немесе қолдану бойынша келіспеушіліктер пайда болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін *Қытай Халық Республикасының Үкіметі үшін*

